

Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауыр заттарды тасуы мен жылжытуының шекті нормаларын және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 391 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 маусымда № 11470 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 16-бабының 30) және 31) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауыр заттарды тасуы мен жылжытуының шекті нормалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Д.Р. Арғындықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі Т. Дүйсенова*

Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауыр заттарды тасуы мен жылжытуының шекті нормалары

1-бөлім. Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімі

1.1-кіші бөлім. Өндірістер мен жұмыстардың түрлері

1. Атом электр станциялары
2. Геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық жұмыстар
3. Көмір және тау-кен шикізатын өндіру және байыту
4. Құрылыс және кенсіз материалдарды өндіру және байыту
5. Мұнай және газ өндіру және қайта өңдеу
6. Коксхимия өндірісі
7. Ағаш дайындау жұмыстары, ағаш ағызу және ағаштан шырын алу
8. Ағаш химиялық өндіріс
9. Металлургия өндірісі (қара және түсті металлургия)
10. Металл өңдеу, оның ішінде: дәнекерлеу, ұста-пресс және термиялық жұмыстары, металл жалату және сырлау, қаңылтыр банкі және құбыр өндірісі
11. Химиялық мұнай өндірісі
12. Химиялық шикізатты байыту, агломераттау, брикеттеу
13. Тастан жасалған бұйымдар және тасты өңдеу өндірісі
14. Бактериялық және вирустық препараттарды өндіру ұйымдары
15. Асбест өндірісі
16. Асбест цемент бұйымдарының өндірісі
17. Еріткіштер өндірісі
18. Цемент өндірісі
19. Темір-бетон және бетон бұйымдары мен конструкциялар өндірісі
20. Отқа төтеп беретін заттардың өндірісі
21. Қабырғалық және тұтқыр материалдар өндірісі
22. Жылу оқшаулау материалдарының өндірісі
23. Асфальт мастикасы мен плитканың өндірісі
24. Жұмсақ шатыр және гидрооқшаулау материалдарының өндірісі
25. Целлюлоза, қағаз, картон және олардан жасалатын бұйымдар өндірісі
26. Порнографиялық материалдар немесе заттар, баспа өнімдері, кино-немесе бейне материалдар, көріністер немесе порнографиялық сипаттағы және эротикалық мазмұндағы өзге де заттар өндірісі

27. Ауыл шаруашылығы өндірісі
28. Шахталарды, разрездерді, метрополитендер мен тоннельдерді салу
29. Құрылыс, монтаж және жөндеу-құрылыс жұмыстары
30. Тамақ өнеркәсібі, оның ішінде: шарап, спирт, ликер-арақ өнімдері, сыра және алкогольсіз сусындар өндірісі, темекі және ферментация өндірісі, ас тұзын өндіру
31. Жылу желілері
32. Көлік, оның ішінде: темір жол көлігі мен метрополитен, теңіз флоты, өзен флоты, азаматтық авиация, автомобиль және қалалық электр көлігі
33. Электр энергетикасы (энергетикалық шаруашылық)
34. Химия өндірісі
35. Фармацевтикалық өндіріс

1.2-кіші бөлім. Жалпы кәсіптер мен жұмыстардың түрлері

36. Автоклавшы
37. Аккумуляторларды зарядтаумен және жөндеумен айналысатын аккумуляторшы
38. Антикоррозияшы
39. Химиялық ерітінділерді дайындайтын аппаратшы
40. Хлорлау аппаратшысы
41. Бункерші
42. Битум қайнатушы
43. Сүңгуір
44. Автомобиль жүргізуші
45. Газшы
46. Газ генераторшысы
47. Газ құтқарушысы
48. Ацетилен қондырғысының генераторшысы
49. Металл бұйымдарының гүмершісі
50. Дегазаторшы
51. Рентген-гамма-глафирлеу дефектоскопші
52. Өлшеуші
53. Жанар және жағар майларды құюшы
54. От сөндіргіштерге заряд беруші
55. Баллондарды сынаушы
56. Технологиялық пештердің және өндіріс пештерінің қазандары мен пештеріне қызмет көрсетумен айналысатын, қолмен тиіп құрғақ отынмен жұмыс істейтін от жағушы, кочегар
57. Өндіріс пештері мен қазандарын ыстықтай жөндеумен айналысатын өнеркәсіп пештерінің, қазандарының және агрегаттарының тас қалаушы-пешшісі
58. Адам ағзасына күшті әсер ететін заттарды тексеру, зерттеу және сынаумен айналысатын химиялық анализ лаборанты
59. Пластмасса құюшы

60. Вагонды төңкеру машинисі
61. Вагонды итеру машинисі
62. Вентилизациялық және аспирациялық қондырғылардың машинисі
63. Ауа бөлүші қондырғылардың машинисі
64. Газ үрлеу машинисі
65. Газ генератор станциясының машинисі
66. Іштен жану қозғалтқышының машинисі
67. Түтін сорғыштың машинисі
68. Компрессор қондырғыларының машинисі
69. Кран машинисі (краншы)
70. Көтергіш машинисі
71. Скрепер машинисі (скреперші)
72. Тоңазытқыш қондырғыларының машинисі
73. Экскаватор машинисі
74. Улы заттармен, кәріз сұйықтарымен ластанған киімдерді жөндеумен, тазалаумен және жуумен айналысатын арнайы киім жуу, сондай-ақ арнайы кір жуумен айналысатын машинист
75. Мұнай өнімдері мен химикаттардан босаған ыдыстарды жуумен; этильденген бензинмен жұмыс істейтін бөлшектерді, тораптар мен моторларды жуумен; ассенизациялық машиналарды жуумен; сондай-ақ ыдыс-аяқты дезинфекциялаумен айналысатын жуушы
76. Жоғары вольтті электр қозғалтқыштарына қызмет көрсетумен айналысатын электр қозғалтқыштар моторшысы
77. Баллондарға сығымдалған газ және сұйық хлор толтырумен айналысатын баллон толтырушы
78. Су құбыры-кәріз жүйесінің жерасты камералары мен тоннельдеріне қызмет көрсетумен айналысатын қараушы
79. Пештерді, қазандықтарды, ожауларды және басқа да жабдықтарды жөндеумен айналысатын отқа төтеп беруші
80. Сынап дәнекерін әзірлеумен және оны дәнекерлеумен айналысатын дәнекерлеуші
81. Ыстық металды таратып құю және илектеумен айналысатын; қорғасынды, бериллийді және олардың қорытпаларын балқыту және өңдеу, сондай-ақ зияндылығы I, II, III сыныпты химиялық заттар ашық түрде қолданылатын учаскелерде; зиянды және улы жүктерді өңдеу кезінде көліктің барлық түрлерімен тікелей жұмыс істейтін көмекші жұмысшы
82. Престеуші
83. Пластмасса бұйымдарын престеуші
84. Баллон қабылдап алушы
85. Қызметкерлер:
 - 1) шарап, спирт, ликер-арақ өнімдерін және сыра сатумен, сақтаумен айналысатын

- 2) қопарылғыш зиянды заттарды әзірлеумен, сақтаумен, тасымалдаумен және пайдаланумен байланысты өндірістер мен жұмыстарда істейтін
- 3) ашық сынапты қолданумен байланысты барлық жұмыс түрлерімен айналысатын
- 4) пневматикалық құралдар қолданылатын барлық жұмыстармен айналысатын
- 5) сүнгүір (водолаз) және су асты жұмыстарына қызмет көрсетумен айналысатын
- 6) қару-жарақты ату және атып көрумен айналысатын
- 7) улы химикаттарды тасымалдаумен, әзірлеумен және қолданумен байланысты жұмыстармен айналысатын
- 8) тазалау және жуынды-шайынды шұңқырларынан қоқыстарды қолмен шығарумен; өнеркәсіптік кәріз жүйесі мен ұстағыштарды тазалаумен айналысатын
- 9) этиль сұйығы қолданылатын жұмыстармен айналысатын
- 10) жанар-жағар және қопарылғыш материалдар, улы заттар, қышқылдар мен сілтілер, хлор және хлорлы әк сақталатын арнаулы қоймаларға қызмет көрсетумен айналысатын
- 11) биіктікте жұмыс істейтін жұмысшылар
- 12) бокстарда, инсектарийлерде, виварийлерде тікелей жұмыс істейтін
- 13) локомотивтерді және моторлы вагон поездарын зауыттық жүру сынағымен тікелей айналысатын
- 14) ыстық плита, кондитер пештері және электрқуыру шкафтарының тікелей жанында жұмыс істейтін
- 15) моншаларға (сауналарға) қызмет көрсету жөніндегі жұмысшылар
- 16) жерлеу қызметінің жұмысшылары (моргтерде, крематорийлерде, зираттарда)
- 17) қант қамысы, опий көкнәрі, темекі, мақта плантацияларында жұмыс істейтін
- 18) пестицидтер мен гербицидтер қолданылатын барлық жұмыс түрлерімен айналысатын
- 19) түнгі клубтарда, кабаре, мейрамханаларда жұмыс істейтін
- 20) есірткі және улы препараттарды, алкогольді өнімдер мен темекі бұйымдарын тасымалдаумен, өндірумен және өткізумен айналысатын
- 21) Порнографиялық материалдар немесе заттар, баспа өнімдері, кино-немесе бейне материалдар, көріністер немесе порнографиялық сипаттағы және эротикалық мазмұндағы өзге де заттарды таратумен, жарнамалаумен және сатумен айналысатын
- 22) Басқа да емдеу мекемелеріндегі наркологиялық ауруларды емдеу бөлімшелерін қоса алғанда, психиатриялық ауруханаларда, интернаттарда, диспансерлерде, барлық жұмыс түрлерімен, хоспистердегі жұмыспен айналысатын
- 23) Ауыл шаруашылығында, қорықтарда, хайуанаттар бағы мен цирктерде

жабайы және жыртқыш аңдарға, өнім беруші бұқалар мен айғырларға күтім жасайтын

24) Асыл тастар мен металдарды өңдеумен, ақша белгілерін және басқа да құнды қағаздарды шығарумен айналысатын

25) Авариялық-құтқару қызметтерімен айналысатын

86. Банк құрылымдары мен басқа да қызметтерді қорғау жөніндегі, инкассация қызметі мен оқ ату қаруын алып жүруге рұқсат берілген басқа да қызмет түрлеріндегі қызметкерлер

87. Балалардың өмірі, денсаулығы мен қауіпсіздігі үшін жауаптылықпен байланысты жұмыстарды орындаумен айналысатын қызметкерлер (сәбилер үйлерінің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, балалар үйлерінің, интернаттардың қызмет көрсетуші персоналы, аттракциондарда қызмет көрсету және басқалары)

88. Пайдаланған майды генераторлаушы

89. Шиналарды монтаждаумен және демонтаждаумен; ассенизациялық жүктерді, шіріген қалдықтар мен улы химикаттарды тасымалдайтын автомобильдерді жөндеумен; этильденген бензинмен жұмыс істейтін автомобильдерді жөндеумен айналысатын автомобильдерді жөндеу жөніндегі слесарь

90. Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі

91. Авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесарі

92. Кәріз желілерінің жұмыстарымен айналысатын слесарь-сантехник

93. Фреонды және аммиакты компрессорлар мен тоңазытқыш қондырғыларын сынаумен және жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші

94. Этильденген бензинмен жұмыс істейтін мотор сынақ станцияларында технологиялық жабдықтарды; жер асты камераларында, тоннельдер мен кеме ішінде; металлургиялық және химиялық өндірістерде, цехтарда және өндіріс учаскелерінде; арнаулы жуу орындарындағы пластмасса бұйымдары өндірісінде; ыстық жұмыс учаскелерінде; кәріз құрылыстарында жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші

95. Ілмектеуші

96. Такелажшы

97. Қазандарды, танктерді, цистерналарды, бөшкелерді, мұнай құю кемелерін және басқа да май, ракс, мұнай өнімдерін және химия өнімдерін құятын ыдыстарды тазалаумен айналысатын жұмысшылар

98. Құбырларды тазалаушы (құбыр тазалаушы)

99. Пештер мен газ қалдықтарын және желдеткіш қондырғыларын тазалаушы

100. Абразивті шеңберлер қолданып, құрғақ әдіспен жұмыс істейтін ыспалаушы

101. Электродшы

102. Электрогазбен дәнекерлеуші

103. Лифтілерді жөндеу және техникалық қызмет көрсетумен айналысатын лифт электромеханигі.

2-бөлім. Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауыр заттарды тасуы мен жылжытуының шекті нормалары

Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлер (адамдар) (бұдан әрі – жасөспірімдер) салмағы 4,1 килограмнан асатын жүкті тасымалдаумен немесе қозғаумен ғана айналысатын жұмыстарға тағайындалмайды.

Жасөспірімдердің төменде көрсетілген нормалар шегіндегі жүкті тасымалдауына және қозғауына, бұл жасөспірімнің тұрақты кәсіби жұмысымен байланысты болғанда және жұмыс уақытының үштен бірінен артығын алмайтын жағдайларда ғана жол беріледі.

Р/с №	Жұмыстың сипаты	Жүктің шекті салмағы
1	2	3
1.	Жүкті тасымалдау: 1) 16-дан 18 жасқа дейінгі еркек жынысты жасөспірімдер үшін	16,4 кг
	2) 16-дан 18 жасқа дейінгі әйел жынысты жасөспірімдер үшін	8,2 кг
2.	Жүкті рельспен қозғалатын вагонеткалармен жылжыту: 1) 16-дан 18 жасқа дейінгі еркек жынысты жасөспірімдер үшін	492 кг
	2) 16-дан 18 жасқа дейінгі әйел жынысты жасөспірімдер үшін	328 кг

Ескертпе.

Тасымалданатын және қозғалатын жүктің салмағына ыдыстың, буманың және жабдықтың салмағы қосылады.

**Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың
тізімі, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының
шекті нормалары**

**1-бөлім. Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын
жұмыстардың тізімі**

1.1-кіші бөлім. Металл өңдеу

1. Құю жұмыстары

1. Ваграншы
2. Қолмен шығарумен айналысатын құйманы шығарып қағымдаушы
3. Шикіқұрамды қолмен тиеумен айналысатын шикіқұрамды вагранкалар мен пештерге құлатушы
4. Құйманы қайнатушы
5. Металл құюшы
6. Пневматикалық құралдармен жұмыс істейтін шабушы
7. Металдар мен қорытпаларды балқытушы
8. Конвейерге ыстық қорытпа ілумен және тоннельдердегі құю цехтарында жабдықтарға қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын жұмысшылар.

2. Дәнекерлеу жұмыстары

9. Жабық ыдыстарда (цистерналарда, қазандарда), сондай-ақ биіктігі 10 метрден асатын биік байланыс құрылыстарында (мұнараларда, дінгектерде) және жоғары өрмелейтін жұмыстарда қолмен атқарылатын газбен және электрмен дәнекерлеуші.

3. Қазандық, салқынмөртабандық, сым тарту және сығу жұмыстары

10. Қолмен істейтін жұмыстармен айналысатын сығушы
 11. Қазаншы
 12. Пневматикалық қол аспаптарымен жұмыс істейтін нақыштаушы.
- 4. Ұсталық-престеу және термиялық жұмыстар**
13. Ыстық жұмыстарда істейтін құрсаушы
 14. Металл жылытушы (дәнекерлеуші)
 15. Диаметрі 10 миллиметрден асатын сымнан серіппе орау кезінде ыстық жұмыстарда істейтін серіппеші
 16. Ыстық күйінде шығыршықты домалатумен айналысушы
 17. Ыстық металды өңдеумен айналысатын рессоршы.

5. Металл қаптау және сырлау

18. Кессон-бактардың ішкі саңылауларын бітеумен айналысатын саңылау бітеуші

19. Ыстықтай тәсілмен (гальвандық емес) үнемі қорғасындаумен айналысатын қорғасындаушы.

6. Слесарлық және слесарлық құрастыру жұмыстары

20. Діріл әсері қолға берілетін пневматикалық аспаптармен жұмыс істейтін бұрандашы-пневматик

21. Ыстықтай илектеу, өрнектеу, эмальдау, органикалық кремний лактарын қолданып оқшаулау, кабель өндірісінде қорғасындау цехтары мен бөлімшелерінде жабдықтарды жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші.

7. Қорғасынмен жұмыс

22. Қорғасын бұйымдарын қорытумен, ағызуден, илектеуден, тартуден, қалыптауден, кабельдерді қорғасындауден және қорғасын аккумуляторларды дәнекерлеуден айналысатын жұмысшылар.

1.2-кіші бөлім. Құрылыс, монтаждау және құрылыс-жөндеу жұмыстары

23. Игіш қол станоктары мен қайшыларды, қаңқа тіректерді қолмен орнатумен айналысатын арматурашы

24. Асфальт бетондаушы

25. Қайнатушы-асфальттаушы

26. Гидромониторшы

27. Жер үңгіп-қазушы

28. Тас қашаушы

29. Тас қалаушы

30. Кессоншы, кессоншы-аппаратшы, кессоншы-үңгілеуші, кессоншы-слесарь, кессоншы-электрмонтаждаушы

31. Орамдалған жабынды және жеке материалдармен жұмыс істейтін шатыршы

32. Болат жабындымен жұмыс істейтін шатыршы

33. Автогудронаттар машинисі

34. Автогрейдер машинисі

35. Бетон-сорғы қондырғысының машинисі

36. Битум ерітетін жылжымалы қондырғы машинисі

37. Бульдозер машинисі

38. Грейдер-элеватор машинисі

39. Жылжымалы асфальтбетон араластырғыш машинисі

40. Асфальтбетон төсегіш машинисі

41. Бір шөмішті экскаватор машинисі, роторлы экскаватор машинисі

42. Қозғалтқышы іштен жанатын жылжымалы электрмен дәнекерлеу агрегатының машинисі

43. Биікте және жоғары өрмелейтін жұмыстар кезінде болат және темірбетон құрылғыларды монтаждау жөніндегі монтажшы

44. Биікте жұмыс істейтін антеннашы-байланыс монтажшысы

45. Пештерді ыстықтай жөндеумен және қазанға отын жағумен айналысатын отқа төзімді жұмысшы

46. Өнеркәсіптік темір бетон құбырларын төсейтін құбыр төсеуші

47. Қорғасынды дәнекерлеуші (қорғасын дәнекерлеуші)

48. Өнеркәсіптік кірпіш құбырларын төсейтін құбыр төсеуші.

1.3-кіші бөлім. Тау-кен жұмыстары

49. Қара жұмыспен айналыспайтын қызметкерлер мен мамандардың, сондай-ақ әйелдер үшін бекітілген жұмыс күші нормалары шегінен аспайтын қара жұмыспен айналысатын қызметкерлер мен мамандардың жұмыстарын қоспағанда, кен өндіру өнеркәсібіндегі, жерасты құрылыстарын салудағы жерасты жұмыстары

50. Қара жұмыспен айналыспайтын қызметкерлер мен мамандардың, сондай-ақ әйелдер үшін бекітілген жұмыс күші нормалары шегінен аспайтын қара жұмыспен айналысатын қызметкерлер мен мамандардың жұмыстарын қоспағанда, ашық кен жұмыстары және жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан шахталар мен кеніштердің үсті, байыту, агломераттау, брикеттеу.

1. Жалпы кен және тау-кен жұмыстары

51. Ұңғыма бұрғылаушысы, бұрғылау станогының машинисі, шпур бұрғылаушысы

52. Қопарғыш, қопару жұмыстарындағы тау-кен жұмысшысы

53. Өрттің алдын алу және сөндіру жөніндегі тау-кен жұмысшысы

54. Шахтаға бекіту материалдарын жеткізуші

55. Бұрғылау қондырғысының машинисі, бұрғылау қондырғысы машинисінің көмекшісі

56. Бекітуші

57. Ұста-бұрғы майлаушы

58. Тиеу машинасының машинисі

59. Шахта оқпандарына өн бойымен толық бұрғылау жөніндегі қондырғы машинисі

60. Машинист, машинист көмекшісі, өзі жүретін ауыр және көлік машиналарының (ауыр жүк автомобильдері, өзі жүк түсіретін автомобильдер, жер қазатын машиналар, экскаваторлар, тракторлар, бульдозерлер) жүргізушісі

61. Вагонеткаларды қолмен жылжытып сырғытумен айналысатын аударушы

62. Үңгілеуші

63. Оқпаншы

64. Тазалаушы.

2. Байыту, агломерация, брикеттеу жалпы жұмыстары

65. Сазбалшық өндірісінде ыстықтай күйдірілген күйде ұсатумен, брикеттеумен айналысатын ұсатушы

66. Сынап өндіруде шикізат пен материалдарды күйдіру процесін жүргізумен айналысатын күйдіруші

67. Жұмысты атқару кезінде шаң-тозаң шығаратын, 10 пайыз және одан да астам қос қышқылды кремний түзілетін қара, түсті және сирек металдарды, балқыма шлагын және көмірді ұсақтау, ұнтақтау және шикікұрамдау жөніндегі

жұмыстармен айналысатын байыту және ұсақтау-сұрыптау фабрикаларының, кеніштердің, шахталар мен металлургия кәсіпорындарының жұмысшылары мен мастерлері

68. Қорғасын байыту цехтарында жұмыс істейтін жұмысшылар.

1.4-кіші бөлім. Геологиялық барлау және топографиялық-геодезиялық жұмыстар

69. Қопарушы

70. Геодезиялық белгілерді монтаждаушы

71. Дала жағдайында жұмыс істейтін кезекші және жабдықтарды жөндеу жөніндегі электрослесарь (слесарь).

1. Ұңғымаларды бұрғылау

72. Мұнай мен газды пайдалану және барлау ұңғымаларын бұрғылайтын бұрғылаушы

73. Мұнара монтаждаушы, мұнара монтаждаушы-дәнекерлеуші, мұнара мондаждаушы электромонтер

74. Бұрғылау қондырғысының машинисі

75. Ұңғыманы цементтеу жөніндегі машинист

76. Цементтеу агрегатының моторшысы

77. Цемент-құмараластырғыш агрегатының моторшысы

78. Құбырларды престоуші

79. Мұнай мен газ ұңғымаларын пайдалану және барлау бұрғылаумен айналысатын бұрғылаушының көмекшісі (бірінші және екінші)

80. Бұрғылау қондырғысы машинисінің көмекшісі (бірінші және екінші)

81. Қолмен ерітінді әзірлеумен айналысатын бұрғылау ерітіндісін әзірлеуші

82. Бұрғылау жабдықтарын жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші

83. Бұрғылаумен тікелей айналысатын бұрғыларға қызмет көрсету жөніндегі слесарь

84. Бұрғы құлыптарын орнатушы

85. Технологиялық жабдықтарға қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электромонтер және электр жабдықтарына қызмет көрсететін электромонтер.

2. Мұнай және газ өндіру

86. Теңізде жүзетін бұрғылау агрегатының бұрғылаушысы

87. Ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізетін бұрғылаушы

88. Жылжымалы парафинсіздендіру бу қондырғысының машинисі

89. Жылжымалы компрессор машинисі

90. Көтергіш машинисі

91. Жуу агрегатының машинисі

92. Кен қабатын гидравликалық жару операторы

93. Ұңғымаларды жер астында жөндеу операторы

94. Ұңғымаларды күрделі және жер астында жөндеуге дайындау операторы

95. Ұңғымаларды химиялық өндеу операторы

96. Теңізде жүзетін бұрғылау агрегаты бұрғылаушысының көмекшісі

97. Ұңғымаларды күрделі жөндеу бұрғылаушысының көмекшісі
98. Жер астында мұнай өндірумен ұдайы айналысатын жұмысшылар, басшылар мен мамандар
99. Метанол мен қышқылдарды қолданумен байланысты жұмыстармен айналысатын жұмысшылар
100. Теңіздегі бұрғылар мен эстакадалардың негіздерін монтаждау және жөндеу жөніндегі слесарі
101. Мұнай кәсіпшілігінің жабдықтарын монтаждаумен, қызмет көрсетумен және жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші.

1.5-кіші бөлім. Қара металлургия

1. Қара металлургия жалпы жұмысы

102. Балқыған металмен жұмыс істейтін шөмішші
103. Илектеу және құбыр өндірісінің камералық пештері мен құдықтарында әдістемелік жұмыстармен айналысатын металл қыздырушы
104. Пневматикалық құралдармен жұмыс істейтін металл бетіндегі ақауларды өңдеуші.

2. Домна өндірісі

105. Домна пешінің үстін қараушы
106. Домна пешінің су құбыршысы
107. Домна пешінің көрікшісі
108. Вагон-таразылардың машинисі
109. Скипші.

3. Болат балқыту өндірісі

110. Құлату машинасының машинисі
111. Миксерші
112. Блоктарды тығыздаушы
113. Қышқылсыздандырғышты балқытушы
114. Конвертерде, темірді бірден қалпына келтіретін мартен пешінде, электр күлін қайта балқыту қондырғысында, электр пешінде болат балқытушысының көмекшісі
115. Болат құюшы
116. Конвертерде, темірді бірден қалпына келтіретін мартен пешінде, электр күлін қайта балқыту қондырғысында, электр пешінде болат балқытушы.

4. Илектеу өндірісі

117. Ыстықтай илектеу орнағының біліктеушісі
118. Балқыма қайнатушысы
119. Жайма соғушы
120. Ыстықтай илектеу орнағын біліктеушінің көмекшісі
121. Рельс бекітпелерін престоуші-көмкеруші;
122. Сортты илектеу өндірісінде істейтін слесарь-сым жүргізуші.

5. Құбыр өндірісі

123. Калибрлеу орнағының, құбырларды ыстықтай илектеу орнағының, құбырларды пеште дәнекерлеу, құбырларды суықтай илектеу орнағының, құбырларды қалыптау орнағының біліктеушісі

124. Механизацияланбаған орнақтарда істейтін құбыр тартушы

125. Престе құбырларды калибрлеуші

126. Балғалар мен престердегі ұста

127. Құбырларды ыстықтай илектеу, құбырларды суықтай илектеу орнақтары біліктеушісінің көмекшісі.

6. Ферроқорытпа өндірісі

128. Ферроқорытпа пештерінің көрікшісі

129. Ферроқорытпа балқытушысы

130. Алюминді термиялық әдіспен металл хромды және құрамында хромы бар балқымаларды алумен айналысатын жұмысшылар

131. Ашық доға пештерінде кремний балқымаларын балқытумен айналысатын жұмысшылар.

7. Химиялық кокс өндірісі

132. Барий құюшы

133. Есікте тұрушы

134. Ұсақтаушы

135. Люкте тұрушы

136. Бензол өндірісінде, оны сумен тазарту және ректификациялаумен тікелей айналысатын қызметкерлер

137. Кокстендірілетін өнімді ұстап қалу цехында фенолды қондырғыға қызмет көрсетумен айналысатын скубберші-сорғышы

138. Кокс батареяларына қызмет көрсетумен айналысатын слесарь-жөндеуші.

1.6-кіші бөлім. Түсті металлургия

1. Түсті металлургия жалпы жұмысы

139. Алюминий, силумин және кремний өндірісінде анодтарды астыңғы секцияларға құюмен айналысатын анод құюшы

140. Алюминий, силумин және кремний өндірісінде катод өзектерінің астын тереңдете бұрғылаумен айналысатын, ванналарды жөндеудегі монтажшы

141. Балқытушы

142. Қыздырушы

143. Қауіптілігі бірінші және екінші сыныпты химиялық заттарды пайдалана отырып, тантал, ниобий өндірісімен және олардың қосындысы мен олардан жасалатын бұйымдармен тікелей айналысатын жұмысшылар

144. Қатты қорытпаларды біріктіруші

145. Негізгі металлургиялық цехтардағы металлургиялық жабдықтарға қызмет көрсетумен және оларды жөндеумен айналысатын, металлургиялық және цемент жабдықтарын жөндеу жөніндегі слесарь-жөндеушісі, слесарі.

2. Түсті және сирек металдар өндірісі, түсті металдардан ұнтақ жасау өндірісі

146. Алюминий, магний өндірісіндегі анодшы
 147. Титан губкасын қағушы
 148. Металды ағызып-құюшы
 149. Катодшы
 150. Конвертерші
 151. Конденсаторшы
 152. Ванналар мен пештерді монтаждаумен және демонтаждаумен айналысатын реакциялық аппараттардың монтажшысы
 153. Сынапты шыңдаушы
 154. Титан және сирек кездесетін металдарды қалпына келтірудегі және дистилляциялаудағы пешші
 155. Белсенді никель ұнтақтарын қалпына келтіретін пешші
 156. Мырыш тозаңы өндірісіндегі пешші
 157. Вельцпештерде мырыш тотығын алуғағы пешші
 158. Титан құрамды және сирек топырақты материалдарды өңдеу жөніндегі пеші
 159. Жұмысшылар мен шеберлер, жұмысы:
 - 1) төрт хлорлы титан (тетрахлорид) өндірісінде жұмыс істейтін
 - 2) металды титан өндірісінде тетрахлоридті қалпына келтіру және металды сепарациялау цехтарында (бөлімшелер мен учаскелерде) жұмыс істейтін
 - 3) лопарит концентратын хлорлау цехтарында жұмыс істейтін
 - 4) титан шикізатын (шлактарды) хлорлау және ректификациялау бөлімшелерінде (учаскелерінде) жұмыс істейтін
 - 5) фьюминг қондырғысында шлактарды возгон әдісімен қайта өңдеу бөлімінде (қалайы өндірісінде) жұмыс істейтін
 - 6) балқыту цехтарында, сондай-ақ сынап өндірісінде күйікті өңдеумен айналысатын
 160. Ванналарды қолмен тазалаумен айналысатын, электролит ванналарының шламшысы
 161. Ерітілген тұздарды электролиздеуші.
- 3. Бериллий өндірісі, оның қосындысы және одан жасалған бұйымдар**
162. Аппаратшы жұмысшылар:
 - 1) металл бериллий өндірісінде жұмыс істейтін аппаратшы
 - 2) бериллий гидрототығы өндірісінде сүзгіпрестерді қолмен тазалаумен айналысатын аппаратшы
 - 3) аммоний фторбериллат өндірісінде жұмыс істейтін аппаратшы
 - 4) бериллий тотығы ұнтағын алумен айналысатын аппаратшы
 - 5) бериллий тотығы ұнтағынан бұйым жасау өндірісінде бериллий тотығы ұнтағын пайдалана отырып, операциямен айналысатын аппаратшы
 - 6) бериллий гидрототығы өндірісінде шикіқұрам материалдарын дайындаумен айналысатын аппаратшы
 - 7) бериллий гидрототығы өндірісінде шикіқұрам материалдарын қорытумен айналысатын аппаратшы

8) ветжүйеге қызмет көрсетумен айналысатын аппаратшы

163. Бериллий мен оның құймаларын, бериллий тотығынан жасалған бұйымдарды механикалық өңдеумен айналысатын жұмысшы (токарь, фрезерлеуші және т.б.)

164. Жеке қорғанудың оқшаулаушы құралдарын пайдаланумен байланысты операциялардағы жұмысшылар

165. Технологиялық және көмекші жабдықтарды жөндеумен айналысатын слесарь-жөндеуші.

4. Атом электр станциялары үшін отын өндіру

166. Шөгіндідегі, экстракциялаудағы, таблеткалар қалыптастырудағы, дайын өнімді іріктеудегі, бақылау және жинақтаудағы аппаратшыларды, есепшілерді, шаң мен газды ұстап қалатын жабдықтарға қызмет көрсетуші операторларды қоспағанда, технологиялық процесті жүргізумен тікелей айналысатын аппаратшылар

167. Мастер-механик, мастер-электрик, мастер-сантехник, автоматтар мен жартылай автоматтарды жөндеу жөніндегі мастер, жабдықтарды жөндеу жөніндегі слесарь, слесарь-сантехниктер, электромонтерлер.

1.7-кіші бөлім. Электр станциялары мен желілер жабдықтарын жөндеу

168. Қорғасын өзекті кабель тораптарын және қорғасын кабель муфталары мен сыртқы қабатын дәнекерлеумен айналысатын, қорғасындалған кабель желілерін жөндеу және монтаждау жөніндегі электромонтер

169. Жоғары вольтті электр таратқыш желілерді биікке шығып жөндеу жұмыстарымен айналысатын, электр таратқыш әуе желілерін жөндеу жөніндегі электромонтер.

1.8-кіші бөлім. Абразив өндірісі

170. Абразив бұйымдарға қорғасын құюмен айналысатын абразив шеңберлерді теңгеруші-құюшы

171. Абразив өндірісіндегі кедергі пештерін ыстықтай бұзумен айналысатын бульдозер машинисі

172. Абразив материалдарды балқытушы

173. Кремний карбидін балқытушы

174. Корунд цехында істейтін подинщик.

1.9-кіші бөлім. Электротехника өндірісі

1. Жалпы слесарлық жинау және электр техника өндірісі жұмыстары

175. Сынап тазартушы

176. Сынап түзегіштерді қалыптаушы.

2. Электр көмір өндірісі

177. Пеште балқытумен айналысатын жұмысшылар.

3. Кабель өндірісі

178. Қорғасынды ыстықтай престеу әдісімен айналысатын кабельдерді қорғасынмен немесе алюминиймен престеуші

179. Тек қорғасын қабықтарды түсірумен айналысатын, кабель бұйымдарының сыртқы қабатын түсіруші.

4. Химиялық ток көздерінің өндірісі

180. Қорғасын қорытпасынан бұйымдарды құюшы

181. Құрғақ массаны (қорғасын аккумуляторлары үшін) араластырушы

182. Қорғасын қорытпалары мен құрамында қорғасын бар қалдықтарды балқытушы

183. Қалыптағы қорғасын пластиналарды штампылап-бөлумен айналысатын аккумуляторлық пластиналарды шабушы.

1.10-кіші бөлім. Химия өндірісі

184. Химия өндірісіне жатпайтын негізгі өндіріске қызмет көрсетумен айналысатын химиялық зертхана зертханашыларын қоспағанда, бала туатын жастағы әйелдер үшін қауіптілігі 1-2 сыныпты химиялық заттарды пайдалануға байланысты жұмыстар.

1. Жалпы химия өндірісі жұмыстары

185. Балқытуда және бабымен пісіретін балқыту аппаратшысы

186. Каучукты көлденең қысыммен сүргілеумен айналысатын еселеп буландырушы.

2. Сары және қызыл фосфор өндірісі және олардың қосындылары

187. Шахталы саңлаулы пештерге, күйдіру және агломерациялық пештерге, фосфорды электрмен айдау бөлімшелерінде ұсақтарды қырлау қондырғыларына қызмет көрсетумен, фосфор ыдыстарды толтырумен, қоймалардағы фосфор, фосфор тұнбаларының ыдыстарына қызмет көрсетумен, қоймалжың қалдықтарды тазартумен және отқа жанатын сұйық қалдықтарды қайта өңдеумен тікелей айналысатын жұмысшылар, басшылар мен мамандар.

3. Үш хлорлы фосфор және бес күкіртті фосфор өндірісі

188. Негізгі технологиялық процестермен айналысатын жұмысшылар, басшылар мен мамандар.

1.11-кіші бөлім. Лакбояу өндірісі Қорғасын глет пен жоса, қорғасынды крон, ақ сыр, қорғасын көгі және жасыл бояу өндірісі

189. Негізгі технологиялық процестермен айналысатын жұмысшылар, басшылар мен мамандар.

1.12-кіші бөлім. Резеңкені қайта өңдеу

1. Жалпы резеңке қоспалары мен оларды қайта өңдеу өндірісінің кәсіптері

190. Ұзындығы 6 метрден астын қазандарда бұйымдарды тиеумен, түсірумен, ескек біліктерін вулканизациялаумен айналысатын вулканизаторшы

191. Резеңке машинисі

192. Салқын вулканизация, радол мен фактис шығару бөлімшелерінде жұмыс істейтін жұмысшылар

193. Ірі габаритті резеңке бөлшектер мен бұйымдарды дайындауда және жөндеуде, арматура бөлшектерін вулканизациялауда (ірі қақпақтар, резеңкеден жасалған отын бактері, резервуарлар, транспортер ленталары және т.б.) жұмыс істейтін резеңке бұйымдарын жөндеуші.

2. Шина өндіру, қалпына келтіру және жөндеу

194. Вулканизаторшы

195. Покрышкаларды (ауыр жүкті) құрастырушы.

1.13-кіші бөлім. Мұнайды, газды, сланецті және көмірді қайта өңдеу, синтетикалық мұнай өнімдерін, мұнай майларын өндіру

196. Кокс түсіруші

197. Кокс тазалаушы

198. Хош иісті көмір сутегі өндірісінің экстракт цехтары мен бөлімшелерінде жұмыс істейтін жұмысшылар

199. Құрамында күкірті бар мұнай газын тазарту кезінде мышьяк ерітінділерін дайындаумен айналысатын жұмысшылар

200. Этильденген бензиннің технологиялық қондырғыларында жұмыс істейтін жұмысшылар, басшылар мен мамандар

201. Мұнай мен газ өңдеу қалдықтарын жинауға арналған қысымда және дренажды ыдыстарда жұмыс істейтін, сауыттарды жөндеу жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар

202. Жоғары мөлшердегі күкірт сутегі бар газ жарылу қаупі бар ортада профилактикалық жұмыстарымен айналысатын жұмысшылар.

1.14-кіші бөлім. Целлюлоза, қағаз, картон және олардан бұйым жасау өндірісі

203. Коррозияға қарсы және ингибитирленген қағаз өндірісінде жұмыс істейтін қанықтыру аппаратшысы

204. Хлор ерітумен айналысатын химиялық ерітінділер дайындау аппаратшысы

205. Целлюлоза қайнатушы

206. Талшық шикізатын қайнатушы

207. Ағаш булаушы

208. Колчеданды уақтаушы

209. Сульфатты тиеуші

210. Колчедан, күкірт пештерді және турм тиеуші

211. Дефибрерге баланстарды тиеуші

212. Қышқылдандырушы

213. Миксші

214. Қышқылды резервуарларды кірпішпен айналдыра қалаушы

215. Фибраны айнала кесуші

216. Коррозияға қарсы және ингибитирленген қағаз өндірісінде жұмыс істейтін қағаз және қағаз бұйымдарын қанықтырушы

217. Күкіртті қышқылды қалпына келтіруші

218. Содашы

219. Сульфитті целлюлоза және күкірт қышқылы өндірісінде жұмыс істейтін слесарь-жөндеуші, жөндеу жөніндегі электромонтер, электр жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі электромонтер, майлаушы, өндірістік орын-жайларды жинаушы

220. Минутына 400 метр және одан жоғары жылдамдықта жұмыс істейтін, жылдам жүретін қағаз жасайтын және картон жасайтын машиналарда жұмыс істейтін қағаз беретін (картон беретін) машиналардың кептірушісі

221. Хлоршы.

1.15-кіші бөлім. Цемент өндірісі

222. Шлам бассейндері мен болтушкаларды тазалау жөніндегі жұмысшылар.

1.16-кіші бөлім. Тас өңдеу және тастан құйылатын бұйымдар өндірісі

223. Тастан құйылған бұйымдарды құюшы

224. Тас өңдеуші

225. Тас қайнатушы

226. Диабаз қиыршық тастарын тартып ұнтақ жасаумен айналысатын диірмен машинисі

227. Тас өңдейтін жабдықтарды реттеуші

228. Тас фрезерлеуші.

1.17-кіші бөлім. Темір бетон және бетон бұйымдары мен құрылғылар өндірісі

229. Бетон және темір бетон бұйымдарын кесуші.

1.18-кіші бөлім. Жылу сақтағыш материалдар өндірісі

230. Битумшы

231. Ваграншы.

1.19-кіші бөлім. Жұмсақ жабындылар мен су өткізбейтін материалдар өндірісі

232. Пісіру қазандарын толтырушы.

1.20-кіші бөлім. Тоқыма және жеңіл өнеркәсіп

1. Тоқыма өндірісі

233. Біліктерді механикаландырмай көтеріп-түсірумен айналысатын шлихталандыру жабдықтарының операторы

234. Кәріз траншеялары мен құдықтарын тазартумен айналысатын апат зардаптарын қалпына келтіру жұмыстарының слесарі

235. Тарау аппараттарын тазалап ұштаушы.

2. Мақтаны алғашқы өңдеу

236. Шикізатты және талшықты престоушісі.

3. Зығыр және кендір-талшық өндірісі

237. Талшық дайындаушы.

4. Жүн өндірісі

238. Шұға өндірісіндегі тоқыма цехында істейтін мастер

239. Техникалық шұғаны жуумен айналысатын жуушы.

5. Киіз басу өндірісі

240. Қалың киіз дайындаумен айналысатын киіз басушы

241. Қол жұмысымен айналысатын аяқкиім саптаушы

242. Қол жұмысымен айналысатын аяқкиімді қалыптан алушы.

1.21-кіші бөлім. Тамақ өнеркәсібі

1. Тамақ өнімдері өндірісі

243. Қолмен тиеу кезінде мерзімімен іске қосылатын диффузорларға қызмет көрсететін диффузия аппаратшысы

244. Су айдындарында мұз дайындаумен және оны бунтқа салумен айналысатын мұз дайындаушы

245. Сүйек желімін дайындаушы

246. Сепараторларды қолмен бөлшектеумен айналысатын тазарту машинасының машинисі

247. Гофрен-ыдыс өндірісінің қалдықтарын теңдеумен айналысатын жұмысшылар.

2. Ет өнімдерінің өндірісі

248. Мына жұмыстармен:

1) ірі қара және ұсақ малдарды және шошқаларды естен тандыра құлату, шынжырға ілу, қанын сорғызу;

2) ірі қара малды сұрыптап қолмен терісін сыдыру;

3) тушасын бөлшектеп аралау;

4) шошқаның тушасы мен басын үйіту;

5) ірі қара малдың тушасын көлденең әдіспен өңдеу;

6) терілерді шелдеу;

7) терілерді өңдеу операцияларымен айналысатын мал жығушы қасапшы.

1.22-кіші бөлім. Темір жол көлігі және метрополитен

249. Дизельпойыз, тепловоз, электропойыз машинисі

250. Мотовоз машинисі, мотовоз машинисінің көмекшісі, дрезина жүргізушісі

251. Кең табанды темір жол желілерінде жұмыс істейтін дрезина жүргізушісінің көмекшісі

252. Дизельпойыз, тепловоз, электропойыз машинисінің көмекшісі

253. Пойыздарды құрастырушы, пойыздарды құрастырушының көмекшісі

254. Электрлендірілген темір жолдарда биікте жұмыс істейтін байланыс желілерінің электромонтері

255. Жол монтері

256. Вагон тексеруші-жөндеуші.

1.23-кіші бөлім. Өзен көлігі

257. Жүк тасушы, докер-механизатор (тұрақты краншы, порт ішіндегі көлік жүргізушісі болып жұмыс істейтін докер-механизатордан және қауіптілігі 1 және 2 сыныпқа жататын заттарды қоспағанда жүктерді қайта өңдеумен үздіксіз айналысатын машиналар мен механизмдерге қызмет көрсететін жұмысшылардан басқа)

258. Қатты отынмен жұмыс істейтін кемелердің от жағушысы

259. Жолаушы және жүк-жолаушы тасымалдайтын кемелердің, топырақ сорғыш земснарядтардың және өзен-теңізде қатар жүзетін кемелердің барлық атаудағы матростары (су асты қанаты бар кемелерден, сондай-ақ қала ішінде және қала маңындағы бағыттарда жұмыс істейтін кемелерден басқа)

260. Жүзгіш кранда жұмыс істейтін кран машинисі (краншы).

1.24-кіші бөлім. Полиграфия өндірісі

1. Қорғасын қорытпаларын пайдалануға байланысты жұмыстар

261. Стереотип, қаріп, теру және ашық жер материалдарын құю учаскелерінде жұмыс істейтін полиграфия жабдықтарын реттеуші

262. Құюшы

263. Құю операцияларында және стереотип бөлуде жұмыс істейтін жұмысшылар

264. Стереотипші.

2. Терең басу цехтары

265. Терең басу баспа бөлімшесінде жұмыс істейтін жұмысшылар (дайын өнімдерді қабылдау мен ораудан басқа)

266. Терең басу қалыптарын өрнектеуші.

1.25-кіші бөлім. Экономиканың барлық салаларына ортақ жұмысшы кәсіптері

267. Антеннашы-діңгекші

268. Битум қайнатушы

269. Аэрошана жүргізушісі

270. 3,5 тоннадан жоғары жүк көтеретін автомобиль жүргізушісі (автобустарды қоспағанда)

271. Сүңгуір

272. Газдан құтқарушы

273. Десант-өрт сөндіруші, парашютист-өрт сөндіруші

274. Ашық сынапты қолмен мөлшерлеумен айналысатын сынап мөлшерлеуші

275. Қол жұмысымен айналысатын ағаш жарушы

276. Ыстық қазандарды жөндеумен айналысатын қазаншы

277. Қазан тазалаушы

278. Қолмен қорғасын сырын әзірлеумен айналысатын сыр езуші

279. Құрамында қорғасын, хош иісті және хлорлы көміртегі бар лакбояу материалдарын қолданып ыдыстардың ішін сырлаумен, сондай-ақ жабық камераларда пульверизатормен осы лакбояу материалдарын қолданып, ірі габаритті бұйымдарды сырлаумен айналысатын сырлаушы

280. Теңізде жұмыс істейтін кран машинисі (краншы)

281. Қолмен тиеу кезінде бумен және сумен жылытылатын қазандарға қызмет көрсетумен айналысатын қазандық машинисі (от жағушы)

282. Жүзбелі крандар машинисі командасының қызметкерлері

283. Мына жұмыстармен:

1) ашық түрдегі металл сынаптармен (жұмыс орнында тиімді ауа жаңартқышпен қамтамасыз етілген қондырғылар мен жартылай автоматтарда істейтіндерден басқа)

2) күкіртті мұнай, оның қайта өңделетін өнімдері мен құрамында күкірті бар мұнайлы газдың ыдыстарын (резервуарлар, өлшеуіштер, цистерналар, баржалар және т.б.) тазартумен;

3) тікелей өрт сөндіруге байланысты жұмыстармен;

4) кеме және темір жол цистерналарында, сұйық отынды кеме танкерінде және мұнай құятын кемелерде, коффердамдарда, фор және ахтер пиктерде, тіркемелі жәшіктерде, түптердің арасындағы және борттардың арасындағы кеңістіктерде және басқа да қолжетімсіз орындарды тазалау, қож шығару және сырлау жұмыстарымен;

5) этильді сұйықтықпен бензин қоспасын жасаумен;

6) түйсетін желілерді, сондай-ақ 10 метрден асатын биіктікте жұмыс істеген кезде электр өткізу әуе желілерін құрастырумен, жөндеумен және қызмет көрсетумен;

7) жүзбелі құралдарға, кемедегі такелаждық (жабдықтар жинағы) жұмыстарды орындаумен қатар топырақ земснарядтарға қызмет көрсетумен айналысатын қызметкерлер.

284. Кәріз желілерін тазартумен айналысатын авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесарі

285. Көпір слесарі

286. Жабдықтарды монтаждаумен және демонтаждаумен айналысатын такелажшы

287. Тазалаушы.

2-бөлім. Әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормалары

Р/с №	Жұмыстың сипаты	Жүктің шекті салмағы
1	2	3
1.	Ауыр заттарды қолмен көтеру және орнын (бір жолғы) ауыстыруды басқа жұмыспен кезектестіру (бір сағатта 2 ретке дейін)	10 кг
2.	Жұмыс ауысымы бойы үнемі ауыр заттарды қолмен көтеру және орнын (бір жолғы) ауыстыру	7 кг
3.	Жүктің орнын 1-ден 5 метрге дейінгі қашықтыққа ауыстыру кезіндегі жұмыс ауысымының әр сағат сайын орындалатын серпінді жұмыс мөлшері: жұмыс орнының үстінен еденнен аспауға тиіс	1750 кгм 875 кгм

Ескертпе:

1. Көтеретін және алып өтетін жүктің салмағына ыдыстың және орамының салмағы кіреді.

2. Арбамен немесе контейнермен жүкті алып өту кезінде қоса жұмсалатын күш-жігер 10 кг-дан аспауға тиіс.